

## **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау ХАТТАМАСЫ**

Астана қ.

2025 жылғы 30 маусым

**Кәсіпорынның толық атауы:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі-Орталық).

**Орналасқан жері:** Астана қаласы, Сарыарқа даңғылы, 6 үй, кеңсе 9 қабат.  
Басталу уақыты: 09:00 сағ.

### **Қатысушылар:**

ҚР ОМ «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК бас директордың орынбасарлары, құрылымдық бөлімше жетекшілері.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы мүшелері – Токтарбаева А.Е., Кушеров Н.А.

Жұмыс тобы мүшелері Бектурганова А.Н., Ф.А. Билибаева еңбек демалысында болуына байланысты отырысқа қатыса алмады.

### **Күн тәртібі:**

**1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау (бұдан әрі-СТІТ).**

**2. СТІТ барысында берілген ұсынымдарды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту.**

1. Бірінші сұрақ бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмыс тобының жетекшісі Б.Ж. Даулетбаева сөз алып, 2025 жылғы 9 маусымнан бастап осы уақыт аралығында құрылымдық бөлімдер және ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бойынша анықталған мәселелер туралы айтты. Атап айтқанда, спорттық іс-шараларды өткізу, статистика және талдау бөлімі мемлекеттік тапсырма бойынша спорттық жарыстарды ұйымдастырып, өткізеді, алайда аталған жарыстарды ұйымдастырып, өткізу тәртібін реттейтін бекітілген құжат жоқ, бұл жағдай заңсыз пайда алу мақсатында өкілеттіктерді өз бетінше айқындау мүмкіндігін тудырады. Сонымен қатар, мемлекеттік тапсырма бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырып, өткізетін дене шынықтыру саласындағы мамандардың, педагогтердің біліктілігін арттыру зертханасында аймақтардағы өкілдермен ара қатынасты реттейтін, лауазымды тұлғаның құзыретін регламенттейтін ережелердің жоқтығы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындатуы мүмкін.

Келесі сөз кезегін алған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмыс тобы мүшесі А.Е. Токтарбаева қандай да бір іс-шараны ұйымдастыру және өткізудің бекітілген ережесінің болмауы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындатуы мүмкіндігін, сондықтанда құрылымдық бөлімдерде іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуді реттейтін ішкі құжат болуы қажеттілігін және мемлекеттік сатып алу порталындағы жұмысты

жақсарту және ашықтығы үшін жұмысты орындау актісін келісуде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында іс-шараны өткізуге тікелей жауапты қызметкерлермен қосымша келісуді енгізсе деген ұсынысын айтты.

2. СТІТ барысында берілген ұсынымдар бойынша қарсылықтар болған жоқ, талқылау барысында сұрақтар мен шағымдар болмады. Орталық өткізетін іс-шараларда ашықтық пен айқындықты арттыру бойынша ұсыныстар берілді, ұсыныстар ескертусіз қабылданды. Берілген ұсынымдарды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу бойынша тапсырма берілді.

#### **Ұсынылды:**

- 1) Спорттық іс-шараларды өткізу, статистика және талдау бөлімі спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібін реттейтін ережені дайындап, бекіту;
- 2) Дене шынықтыру саласындағы мамандардың, педагогтердің біліктілігін арттыру зертханасы біліктілікті арттыру курсына ұйымдастыру, өткізу және аймақтардағы өкілдермен арақатынасты реттейтін ережені дайындап, бекіту;
- 3) Мемлекеттік сатып алу порталындағы жұмысты жақсарту және ашықтығы үшін жұмысты орындау актісін келісуде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында іс-шараны өткізуге тікелей жауапты қызметкерлермен қосымша келісу тәртібін енгізу.

**Жұмыс тобы жетекшісі**  
**Комплаенс-офицер**



**Б. Даулетбаева**

#### **Жұмыс тобы мүшелері:**

Токтарбаева А.Е.

Кушеров Н.А.

